ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
«ШИЕЛІ АУДАНЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР
ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ГОСУДАРСТВЕННЫХ
АКТИВОВ И ЗАКУПОК
ШИЕЛИЙСКОГО РАЙОНА»
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

«07» 08 2018 ж./г.

№ 76

Шиелі кенті

поселок Шиели

«Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту, конкурстық комиссияның хатшысы мен өкілдік ететін лауазымды адамды айқындау туралы» 2018 жылғы 13 шілдедегі №67 бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V Заңының 63-бабына, Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығының 61-тармақшасына және Шиелі ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №70 қаулысымен бекітілген бөлімнің Ережесіне, Шиелі аудандық білім бөлімінің 2018 жылғы 06 тамыздағы №2887 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Шиелі ауданының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, конкурстық комиссияны бекіту, конкурстық комиссияның хатшысын және өкілдік ететін лауазымды адамды айқындау туралы» 2018 жылғы 13 шілдедегі №67 бұйрығына төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

«Шиелі аудандық білім бөліміне қарасты мектептердің септикретін тазалау қызметі» мемлекеттік сатып алу конкурсы бойынша комиссияның төрағасы Шиелі аудандық білім бөлімінің басшысы Сейілханов Болат Пернебайұлы кезекті еңбек демалысына шығуына байланысты, комиссия төрағасы болып Шиелі аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Насибеков Дауренбек Ердибекович болып өзгертілсін. Насибеков Дауренбек Ердибековичтің орнына комиссия мүшесі болып Шиелі аудандық білім бөлімінің қаржы-шаруашылық жөніндегі сектор меңгерушісі Байхожина Айнұр Абибуллаевна болып өзгертілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.
3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

000098

Негізі: Шиелі аудандық білім бөлімінің 2018 жылғы 06 тамыздағы №2887 хаты.

Бөлім басшысы А. Төлегенов